

"Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 3 қарашадағы N 323-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 12 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5966 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы № 394-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.12.06 № 394-ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарты бекітілсін.

2. "Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 5566 болып тіркелген, 2009 жылғы 13 наурыздағы N 38 "Заң" газетінде жарияланған) N 26-ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер департаменті (Манабаева Қ.А.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және заңнамада белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Г. Әбдіқалықова

" К Е Л І С І Л Д І "

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің**

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы

Б. Садықов

4 қараша 2009 жыл

" К Е Л І С І Л Д І "

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Ж. Тұймебаев

3 қараша 2009 жыл

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрінің
2009 жылғы 3 қарашадағы
N 323-ө бұйрығымен бекітілген

Халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету стандарты (бұдан әрі - Стандарт) – "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Заңына с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Осы Стандарт халықты әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілерге (бұдан әрі - арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілер), психоневрологиялық патологиясы бар балаларға (бұдан әрі - балалар) және психоневрологиялық ауруы бар он сегіз жастан асқан адамдарға (бұдан әрі – 18 жастан асқан адамдар) қолданылады.

3. Осы Стандартта балаларға және 18 жастан асқан адамдарға, олардың жеке қажеттіліктері ескеріле отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің негізгі түрлері, көлемі мен оларды көрсетудің шарттары белгіленген.

2. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілер

4. Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілерге:

1) балалардың және 18 жастан асқан адамдардың стационар жағдайында тұрақты немесе уақытша тұруына арналған медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) (бұдан әрі – стационарлық үлгідегі ұйым);

2) балалардың және 18 жастан асқан адамдардың күндізгі болуына арналған

медициналық-әлеуметтік мекемелер (ұйымдар) (бұдан әрі – жартылай стационарлық үлгідегі ұйым);

3) балаларға және 18 жастан асқан адамдарға үйде қызмет көрсетуге арналған үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері жатады.

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін субъектілердің бұл тізбесі түпкілікті болып табылмайды.

3. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің негізгі түрлері, көлемі және шарттары

5. Арнаулы әлеуметтік қызметтер өздерінің нысанына қарай:

1) балалардың және 18 жастан асқан адамдардың жеке қажеттіліктеріне қарай, олардың тұрмыстағы тыныс-тіршілігін қолдауға бағытталған әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерге;

2) балалардың және 18 жастан асқан адамдардың жеке жай-күйін ескере отырып, олардың денсаулығын қолдауға және жақсартуға бағытталған әлеуметтік-медициналық қызметтерге;

3) балалардың және 18 жастан асқан адамдардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, әлеуметтік бейімдеуге, әлеуметтендіруге және кіріктіруге бағытталған балалардың және 18 жастан асқан адамдардың психологиялық жай-күйін түзеуді көздейтін әлеуметтік-психологиялық қызметтерге;

4) балалардың физиологиялық мүмкіндіктері мен ақыл-ой қабілетін ескере отырып, педагогикалық түзеуге және оқытуға;

18 жастан асқан адамдарға тұрмыс дағдыларын үйретуге бағытталған әлеуметтік-педагогикалық қызметтерге;

5) балалар мен 18 жастан асқан адамдардың еңбек дағдыларын қалыптастыруға, 18 жастан асқан адамдардың еңбек қызметін ұйымдастыруға және жұмыс орындарын құруға бағытталған әлеуметтік-еңбек қызметтерге;

6) бос уақытты ұйымдастыруға, әлеуметтік-мәдени іс-шаралар жүргізуге және оларға балалар мен 18 жастан асқан адамдарды тартуға бағытталған әлеуметтік-мәдени қызметтерге;

7) Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес балалардың және 18 жастан асқан адамдардың өмір сүру деңгейін қолдауға және жақсартуға бағытталған әлеуметтік-экономикалық қызметтерге;

8) құқықтық мәртебесін қолдауға немесе өзгертуге, заңгерлік көмек көрсетуге, балалар мен 18 жастан асқан адамдардың және олардың отбасыларының заңды құқығы мен мүддесін қорғауға бағытталған әлеуметтік-құқықтық қызметтерге
б о л і н е д і .

6. Әлеуметтік-тұрмыстық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:

денсаулық жағдайы бойынша әдеттегі, оның ішінде, төсектен тұру, төсекке жату, киіну және шешіну, жуыну, тамақ ішу, сусын ішу, дәретхананы немесе дәрет ыдысын пайдалану, қозғалып жүру, тісін немесе жағын күту, көзәйнекті немесе есту аппаратын қолдану, тырнағын алу, ер кісілерге – сақал-мұртын алу сияқты күнделікті рәсімдерді орындауға қабілетсіз балаларға және 18 жастан асқан адамдарға жеке қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы әлеуметтік-тұрмыстық қызметтерді көрсету;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін:

тұрғын-жай беру, оның ішінде бір балаға кемінде 4 шаршы метр және 18 жастан асқан адамға кемінде 5 шаршы метр жатын бөлмелерін беру; оңалту, емдеу, білім беру, мәдени іс-шараларын, діни рәсімдерді жасау және тұрмысқа бейімдеуді ұйымдастыруға арналған жиһазбен және (немесе) мамандандырылған жабдықтармен жабдықталған орынжай беру;

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2008 жылғы 31 желтоқсанда бекіткен интернат үйлерінде, оңалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған оқу орындарында, аумақтық әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік бейімдеу орталықтарында қызмет көрсетілетін адамдар үшін заттай тамақтану нормаларына (бұдан әрі – заттай тамақтану нормалары) сәйкес диеталық тамақтандыруды қоса, тамақ ұсыну; жұмсақ инвентарь беру (киім, аяқ киім, іш киім және төсек жабдықтарын) беру ;

емдеуге, оқуға, мәдени іс-шараларға қатысу үшін балаларды және 18 жастан асқан адамдарды тасымалдау кезінде көлік қызметін ұсыну; салт-жора қызметтерін ұйымдастыру (қайтыс болған балалардың және 18 жастан асқан адамның туыстары болмаған немесе олар жерлегісі келмеген кезде) ;

санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес тұру және (немесе) болу жағдайларын қолдау жөнінде қызметтер көрсету;

18 жастан асқан адамдарға паллиативтік көмек палаталарын (бөлімшелерін) жасау үшін интенсивтік күтім және терапия жүргізуге арналған орынжайлар ұсыну ;

өзіне дене зақымын келтіруі және айналасындағыларға қауіп тудыруы мүмкін және (немесе) осы себептермен қосымша күтімге және (немесе) шұғыл медициналық көмекке мұқтаж балаларға және 18 жастан асқан адамдарға дағдарыс палаталарын (бөлімшелерін) құру үшін орынжайлар ұсыну;

отбасында тұратын және уақытша арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге мұқтаж балалар мен 18 жастан асқан адамдарға стационар жағдайында уақытша

болу қызметін көрсету;
хат жазуға және оқуға көмек көрсету;
шаштараз қызметін көрсету;

3) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
оңалту, емдеу, білім беру, мәдени іс-шараларын ұйымдастыру үшін жиһазбен
және арнайы жабдықтармен жабдықталған орынжайлар беру;
заттай тамақтану нормаларына сәйкес диеталық тамақтандыруды қоса, ас
б е р у ;

жұмсақ инвентарь беру (төсек жабдықтарын) беру;
емдеуге, оқуға, мәдени іс-шараларға қатысу үшін балаларды және 18 жастан
асқан адамдарды тасымалдау кезінде көліктік қызмет ұсыну;
санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес болу шарттарын қолдау жөніндегі
қ ы з м е т т е р к ө р с е т у ;

4) үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері көрсететін:
үйден тыс жерде ілесіп жүру;
балалардың және 18 жастан асқан адамдардың отбасы мүшелеріне жеке
қызмет көрсету және гигиеналық сипаттағы тұрмыстық қызметтерді үйрету.

7. Әлеуметтік-медициналық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
медициналық-әлеуметтік тексеру жүргізу;
дәрігерге дейін көмек көрсету;
емдейтін дәрігердің тағайындауына сәйкес арнайы медициналық біліктілікті
талап етпейтін рәсімдерді жүргізу;
емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;
еңбекпен оңалтуды ұйымдастыру;
медициналық-психологиялық көмекті ұйымдастыру;
медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу;
оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес медициналық-әлеуметтік сипаттағы
оңалту іс-шараларын жүргізу;
техникалық қосалқы (компенсаторлық) құралдарды алуға жәрдемдесу;
мұқтаж балаларға және 18 жастан асқан адамдарға сауықтыру қызметін
көрсетуге және оларды санаторлық-курорттық емдеуге жіберуге жәрдемдесу;
әлеуметтік-медициналық мәселелер бойынша (тамақтану және тұрғын үй
гигиенасы, артық салмақтан, зиянды әдеттерден арылу, психосексуалдық
консультация беру және басқалары) консультация беру;
жасына қарай бейімделу және жас өзгешеліктері мәселелерін шешу үшін
санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін:
медициналық тексеру және санитарлық өңдеу жүргізу;

медициналық-санитарлық көмек көрсету;
тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге жәрдемдесу;
емдеуші дәрігердің қорытындысы бойынша дәрілік заттармен және
медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
балалар мен 18 жастан асқан адамдарды денсаулық сақтау ұйымдарына
жатқызуға жәрдемдесу және ілесіп жүру;
медициналық қызметке лицензиясы болса, емдеуші дәрігердің
тағайындауына сәйкес медициналық рәсімдерді жүргізу (тері асты және бұлшық
етке дәрілік препараттарды жіберу, компресс қою, қайта орау, ойылған жерлерді,
жарақат бетін өңдеу; тазалау клизмаларын орындау, зертханалық тексеру
жүргізуге қажетті материалдарды алу, катетерді және басқа да медициналық
бұйымдарды пайдалануға көмек көрсету);

балалар және 18 жастан асқан адамдардың денсаулығының жай-күйін ескере
отырып, күтімді, оның ішінде санитарлық-гигиеналық қызметтер көрсетуді
қ а м т а м а с ы з е т у ;

денсаулығының жай-күйін қадағалау (дене ыстығын, артериялық қысымын
ө л ш е у) ;

медициналық көрсетілімдер мен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай "
денсаулық топтарын" қалыптастыру және оның жұмысын ұйымдастыру;
нақты мамандардың, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарынан
медициналық консультация беру қызметтері;

18 жастан асқан адамдар үшін паллиативтік көмек қызметтерін көрсету;
психиатриялық көмек қызметтерін көрсету;
18 жастан асқан адамдарға еңбекпен оңалту қызметінің түрлерін тағайындау
және оларға нұсқаулық беру ;

3) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
кезеңдік медициналық-әлеуметтік зерттеп тексеру (қажет кезінде, денсаулық
сақтау ұйымдарының мамандарын тарта отырып) және оңалтудың медициналық
бөлігінің жеке жоспарын әзірлеу;
денсаулығының жай-күйін қадағалау (дене ыстығын, артериялық қысымын
ө л ш е у) ;

дәрігердің тағайындауына сәйкес медициналық рәсімдерді жүргізу;
емдеу-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру;
дәрігерлердің қорытындысы бойынша дәрілік заттар және медициналық
мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
балалар мен 18 жастан асқан адамдарды денсаулық сақтау ұйымдарына
жатқызуға жәрдемдесу және ілесіп жүру;
18 жастан асқан адамдарға еңбекпен оңалту қызметінің түрлерін тағайындау
және оларға нұсқаулық беру ;

4) үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері көрсететін:
дәрігерге дейін көмек көрсету, үйге дәрігер шақырту және денсаулық
ұйымдарына барғанда қызмет көрсетілетін балаларға және 18 жастан асқан
адамдарға ілесіп жүру;

оңалту іс-шараларын жүргізуге жәрдемдесу;
балалар мен 18 жастан асқан адамдардың отбасы мүшелеріне оларды күтудің
санитарлық-гигиеналық дағдыларын үйрету;

балалар мен 18 жастан асқан адамдардың отбасы мүшелеріне үй жағдайында
жүргізілетін оңалту іс-шаралары негіздерін үйрету.

8. Әлеуметтік-психологиялық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
әлеуметтік-психологиялық және психологиялық консультация беру;
балаларды психологиялық түзеу;
шұғыл психологиялық (оның ішінде телефон бойынша) және
медициналық-психологиялық көмек;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
психологиялық диагностика және адамды зерттеп тексеру;
өзара қолдау топтарында және қарым-қатынас клубтарында сабақ өткізу;
психологиялық тренингтер;

3) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
психологиялық диагностика және адамды зерттеп тексеру;
психологиялық тренингтер;
қолайлы психологиялық климатты қамтамасыз ету, келіспеушілік
жағдайларының алдын алу және жою үшін балалармен және 18 жастан асқан
адамдармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету;

4) үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері көрсететін:
психологиялық көмек көрсету, оның ішінде әңгімелесу, қарым-қатынас,
тыңдау, көңілін көтеру, белсенділікке ынталандыру;
психологиялық қолдау;
әлеуметтік-психологиялық патронаж;

қолайлы психологиялық климатты қамтамасыз ету, келіспеушілік
жағдайларының алдын алу және жою үшін балалармен және 18 жастан асқан
адамдармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне психологиялық көмек көрсету.

9. Әлеуметтік-педагогикалық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
әлеуметтік-педагогикалық консультация беру;
балаларды педагогикалық түзеу;
балалардың физиологиялық мүмкіндіктері мен ақыл-ес қабілеттерін ескере
отырып, білім алуына жәрдемдесу;

есту қабілетінің бұзылушылығы бар балаларды, олардың ата-анасы мен басқа да мүдделі адамдарды ымдау тіліне үйретуді ұйымдастыру;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін:
баланы және 18 жастан асқан (23 жасқа дейін) адамға әлеуметтік-педагогикалық диагностика жүргізу және зерттеп тексеру;
балаларды, олардың физиологиялық мүмкіндіктері мен ақыл-ес қабілеттеріне қарай оқытуды ұйымдастыру;
балалардың физиологиялық мүмкіндіктері мен ақыл-ес қабілеттерін ескере отырып, білім алуына жәрдемдесу;
өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, жеке гигиена, тұрмыстағы және қоғамдық орындарындағы өзін ұстауды, өзін-өзі бақылауды, қарым-қатынас дағдыларын және тыныс-тіршіліктің басқа да нысандарын қалыптастыру жөніндегі қызметтер;
тұрмыстық бағдарлану (ас әзірлеу, киім жөндеу, тұрғын жайды күту және т.б.) және қол еңбегі машығы негіздеріне үйрету;
ымдау тіліне аудару жөніндегі қызметтер;

3) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
баланың және 18 жастан асқан адамның даму деңгейіне әлеуметтік-педагогикалық диагностика жүргізу және зерттеп тексеру;
балаларды, олардың физиологиялық мүмкіндіктері мен ақыл-ес қабілеттеріне қарай оқытуды ұйымдастыру;
тұрмыстық бағдарлану (ас әзірлеу, киім жөндеу, тұрғын жайды күту және т.б.) және қол еңбегі машығы негіздеріне үйрету;
есту қабілетінің бұзылушылығы бар балаларды, олардың ата-анасы мен басқа да мүдделі адамдарды ымдау тіліне үйретуді ұйымдастыру;
ымдау тіліне аудару жөніндегі қызметтер;

4) үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері көрсететін:
балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеуге және олардың арнаулы бағдарламалар бойынша білім алуына жағдай жасау мәселелері жөнінде отбасы мүшелеріне консультация беру;
балалардың кәсіптік білім алуына жағдай жасауға жәрдемдесу;
балаларды үй шаруашылығы негіздеріне (ас әзірлеу, киім жөндеу, тұрғын жайды ұстау және т.б.) үйретуге жәрдемдесу;
өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, тұрмыстағы және қоғамдық орындарындағы өзін ұстауды, өзін-өзі бақылауды және өмір сүруге қажетті басқа да дағдыларды үйрету;
балалардың және 18 жастан асқан адамдардың ата-аналарына және отбасы мүшелеріне оларды үй жағдайында оңалтудың негіздерін үйрету;
отбасы мүшелеріне балаларда және 18 жастан асқан адамдарда үй жағдайына

қажетті өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды үйрету.

10. Әлеуметтік-еңбек қызметтердің тізбесі:

1) стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру жөніндегі қызметтер;

18 жастан асқан адамдарда бейіні бойынша еңбек дағдыларын қалыптастыру
ж ө н і н д е г і қ ы з м е т т е р ;

қол жетімді кәсіптік дағдыларға үйрету, жеке мәртебесін қалпына келтіру
ж ө н і н д е г і і с - ш а р а л а р д ы жү р г і з у ;

денсаулығының жағдайы бойынша жұмыс істеу қарсы көрсетілмеген 18
жастан асқан адамдар үшін төленетін жұмыс орындарын ұйымдастыру;

2) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін:
балалардың еңбек дағдыларын қалыптастыру жөніндегі қызметтер;

18 жастан асқан адамдарда бейіні бойынша еңбек дағдыларын қалыптастыру
ж ө н і н д е г і қ ы з м е т т е р ;

қалған еңбек мүмкіндіктерін пайдалануға, емдеу-еңбек қызметіне қатысуға
ж а ғ д а й ж а с а у ;

қол жетімді кәсіптік дағдыларға үйрету, жеке мәртебесін қалпына келтіру
ж ө н і н д е г і і с - ш а р а л а р д ы жү р г і з у ;

кәсіптік бағдар беруді ұйымдастыруға жәрдемдесу;
жеке дене және ақыл-ой қабілеттеріне сәйкес кәсіп алуға жәрдемдесу;

3) үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері көрсететін:
балалар мен 18 жастан асқан адамдардың үй еңбегін ұйымдастыруда
к о н с у л ь т а ц и я б е р у ;

11. Барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін әлеуметтік-мәдени қ ы з м е т т е р д і ң т і з б е с і :

саяхат, театрға, көрмелерге, концерттерге баруды ұйымдастыру;
мерекелер, мерейтойлар, туған күндер және басқа да мәдени және тынығу
іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу;

клуб және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
балаларды және 18 жастан асқан адамдарды тынығу іс-шараларына,
қоғамдық-мәдени іс-шараларға қатысуға тарту.

12. Әлеуметтік-экономикалық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында (стационарлық үлгіні қоспағанда)
к ө р с е т і л е т і н :

тиісті жеңілдіктерді, жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттерді және
басқа да төлемдерді алуға, Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік
қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес тұрғын үй жағдайларын жақсартуға
ж ә р д е м д е с у ;

балалармен және 18 жастан асқан адамдармен тұратын отбасыларды өзін-өзі

қамтамасыз ету, отбасылық кәсіпкерлікті дамыту, үй кәсіпшілігі мәселелері бойынша, отбасының материалдық жағдайын жақсартудың басқа да мәселелері бойынша консультация беру;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін: тиісті жәрдемақыларды, өтемақыларды, алименттерді және басқа да төлемдерді алуға жәрдемдесу.

13. Әлеуметтік-құқықтық қызметтердің тізбесі:

1) барлық үлгідегі ұйымдар жағдайында көрсетілетін: балалардың және 18 жастан асқан адамдардың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторда арнаулы әлеуметтік қызметтер алу құқығымен және өздерінің мүддесін қорғаумен байланысты мәселелер бойынша консультация беру; арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсетуші және балалардың және 18 жастан асқан адамдардың заңды құқығын бұзушы немесе қысым көрсетуші ұйымдардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне өтініш дайындауға және беруге көмек көрсету; құжаттарды ресімдеуге көмек көрсету;

заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен басымдықтарды, әлеуметтік төлемдерді алуға заңгерлік көмек көрсету және жәрдемдесу;

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінде белгіленген тәртіппен жәрдемақыларды, басқа да әлеуметтік төлемдерді сенімхат бойынша алу;

балаларды тәрбиелеу және оларға қамқорлық көрсету құқықтарының қорғалуына және сақталуына құқықтық көмек көрсету;

18 жастан асқан адамдардың қамқорлық пен еңбек құқықтарының қорғалуы және сақталуына құқықтық көмек көрсету;

2) стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін: құқығы мен мүддесін қорғау үшін сотта өкілдікті қамтамасыз етуге; жетім балаларды және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды асырап алу, қамқоршы және қорғаншы болу мәселелері жөнінде құжаттарды ресімдеуді қоса алғанда, заңгерлік көмек көрсету;

3) жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда көрсетілетін: балалардың және 18 жастан асқан адамдардың отбасы мүшелеріне әлеуметтік-құқықтық мәселелер жөнінде консультация беру; адвокаттық қызмет туралы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен адвокаттың тегін көмегін алуға жәрдемдесу;

4) үйде әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелері көрсететін: балаларға және 18 жастан асқан адамдарға жасалған дене және психологиялық зорлыққа кінәлілерді қылмыстық жауапқа тартуға жәрдемдесу; қамқоршы және қорғаншы органдарға кәметке толмаған, әлеуметтік оңалтуға мұқтаж балаларды асырап алуға, қамқоршылыққа, патронатқа, қорғаншылыққа, қабылдаушы отбасына, әлеуметтік қызмет көрсетуші

субъектілерге орналастыруға жәрдемдесу;
 кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға балаларының
 тәрбиесінен жалтарған ата-аналардың үстінен ұсынымдар ресімдеу;
 жұмысқа орналасу, жеке басын растайтын төлқұжат және заңды маңызы бар
 басқа да құжаттар алу үшін құжаттарды ресімдеуде заңгерлік көмек көрсетуге
 ж ә р д е м д е с у ;

балаларды және 18 жастан асқан адамдарды (қажетіне қарай) стационарлық
 және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарға жіберу үшін құжаттарды
 ресімдеуде көмек көрсету .

14. Арнаулы әлеуметтік қызметтер осы Стандартқа қосымшаға сәйкес
 көлемдерде ұсынылады.

Халықты әлеуметтік қорғау саласында
 арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету
 стандартына қосымша

Арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсету көлемдері

1. Стационарлық үлгідегі ұйымдарға арналған киім кию және жұмсақ инвентарьды пайдаланудың ең төменгі нормалары мен мерзімдері

N	Атауы	Өлшем бірлігі	Балаларға		18 жастан асқан адамдарға	
			Норма	Мерзімі (жыл)	Норма	Мерзімі (жыл)
Киім						
1	Пальто, куртка	дана	1	2	1	3
2	Жадағай, жел өткізбейтін күрте	дана	1	2	1	2
3	Жүн матадан тігілген костюм	дана	1	2	1	3
4	Мақта матадан тігілген костюм	дана	1	1	1	1
5	Спорттық костюм	дана	1	1	1	1
6	Шалбар, джинсы	дана	3/4	1	4	1
7	Көйлек, сарафан, халат	дана	3/4	1	3/4	1
8	Жүн матадан тігілген юбка	дана	1	2	1	2
9	Мақта матадан тігілген юбка	дана	3/4	1	2	1
10	Мақта матадан тігілген блузка	дана	2	1	2	1
11	Свитер, жекет, жемпір, кофта, трикотаж жаймадан тігілген желет	дана	1	2	4	2
12	Трико	дана	2	1	2	1
13	Футболка	дана	3	1	3	1
14	Мақта матадан тігілген кеудеге киетін жейде	дана	3/4	1	3/4	1

Іш киім						
15	Трусылар	дана	6/4	1	4/8	1
16	Түнде киетін жейде, пижама	дана	2/3	1	2/3	1
17	Панталондар	дана	-	-	4	1
18	Майка	дана	2	1	3	1
19	Мақта матадан және иілімді трикотаж жаймадан тігілген киім-кешек бұйымы (бюстгальтер)	дана	2	1	4	1
20	Кальсондар	дана	-	-	2	1
21	Гамаштар	дана	1	1	1	1
Орамал-мойын орауыш бұйымдар мен бас киімдер						
22	Мойын орауыш	дана	1	1	1	1
23	Бөрік, берет	дана	1	2	2	2
24	Панама, фуражка, күнқағар	дана	1	1	1	1
25	Әйелдердің бас орамалы	дана	1	1	1	1
26	Такия	дана	1	2	1	2
27	Қолғап, биялай	дана	1	1	1	1
28	Жүн орамал (жартылай жүн)	дана	-	-	1	1
29	Тоқылған шапка	дана	1	1	1	1
Ұйық, шұлық						
30	Колготки	дана	6	1	6	1
31	Шұлық	дана	-	-	12	1
32	Ұйық	дана	6/12	1	12/10	1
33	Қысқа шұлық	дана	3	1	-	-
Аяқ киім						
34	Қысқы етік, киізден тігілген аяқ киім	дана	1	1	2	3
35	Пима	дана	1	1	1	1
36	Маусымдық етік	дана	1	1	1	2
37	Қысқа етік	дана	1	1	1	2
38	Бәтеңке, туфли	дана	1	1	1	1
39	Қысқа бәтеңке	дана	1	1	1	1
40	Жалаңаяқ киетін аяқ киім	дана	1	1	1	1
41	Сандалилар	дана	2	1	1	1
42	Спорттық аяқ киім	дана	1	1	1	1
43	Бөлмеде киетін тәпішке	дана	3/4	1	4	1
44	Сланцы	дана	1	1	2	1
Төсек-орын жабдықтары						
45	Ақ жайма	дана	3	1	3	1
46	Сейсеп	дана	3	1	3	1
47	Жастық тыс	дана	4	1	4	1

48	Матрац (оның ішінде басылып қалмайтын матрац)	дана	1	2	1	3/2
49	Жастық	дана	1	2	1	3
50	Көрпе	дана	1	2	2	3
51	Жамылғы	дана	1	4	1	4
52	Вафли тәрізді сүлгілер	дана	4	1	4	1
53	Махер сүлгілер	дана	2	1	2	1
Бөлме инвентары						
54	Дастархан	дана	1	1	1	1
55	Үстелге арналған майлық орамалдар	дана	4	1	4	1
Санитарлық-гигиеналық инвентарь						
56	Резина клеенка	дана	кажетіне қарай		1	тоқсанға
57	Әйелдердің сіндіріп алатын төсегіштері	дана	16	айына	16	айына
58	Жаялықтар	дана	3	күніне	3	күніне

Ескертпе: 6, 7, 9, 14, 15, 16, 32, 43-тармақтардағы бірінші сан – 14 жасқа дейінгі балаларға арналған кию нормасын, екінші сан – 14-тен 18 жасқа дейінгі балаларға арналған кию нормасын;

Ересектерге арналған 7, 14, 15, 16, 32-тармақтардағы бірінші сан – еркектерге арналған кию, екінші сан - әйелдерге арналған кию нормасын көрсетеді.

Төсек - орын жабдықтары - оның ішінде жартылай стационарлық үлгідегі және уақытша болу ұйымдарына да арналған 48-тармақтағы 3/2: 3 - жалпы бөлімге, 2 – ауыр науқастарға арналған.

58-тармақтағы - дәрігердің тағайындауы бойынша оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес нормаларға қосымша.

2. Психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдардағы сабақтарды өткізу ұзақтығы

Түзету сабақтарының ұзақтығы балалардың дағдыларының деңгейіне, олардың танымдық қызметі мен жас ерекшеліктеріне қарай құрылады:

балалардың әлеуметтік дағдыларының, әлеуметтену және танымдық қызметі ең төмен деңгейде болғанда - сабақтың ұзақтығы 15 минутқа дейін жүргізіледі;

әлеуметтік дағдыларының, әлеуметтену және танымдық қызметі төмен деңгейде болғанда - сабақтың ұзақтығы 20 минутқа дейін жүргізіледі;

әлеуметтік дағдыларының, әлеуметтену және танымдық қызметі шамалы деңгейде болғанда - сабақ 30 минутқа дейін өткізіледі;

әлеуметтік дағдыларының, әлеуметтену және танымдық қызметі көп төмендемеген деңгейде болғанда - сабақтың ұзақтығы 45 минутқа дейін

ж ү р г і з і л е д і .

Академиялық сағаттың (45 минут) қалған уақытын дефектолог (арнайы педагог), тәрбиеші балаларды оқу жоспарының бағдарламасына және әзірленген тақырыптық жоспарларға сәйкес дидактикалық және дамытушы ойындармен өткізеді.

3. Психоневрологиялық патологиясы бар балаларға арналған стационарлық үлгідегі ұйымдардағы ең төменгі штаттық персонал нормативтері

№	Лауазым атауы	Балалар саны						
		50-ге дейін	50 - 100	101 - 150	151 - 200	201 - 250	251 - 300	301 - 400
1	Директор	1	1	1	1	1	1	1
2	Әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі директордың орынбасары	1	1	1	1	1	1	1
3	Медициналық бөлімшенің меңгерушісі	1	1	1	1	1	1	1
4	Бас бухгалтер	1	1	1	1	1	1	1
5	Бухгалтер-экономист	-	0,5	1	1	1	1	1
6	Бухгалтер	1,5	1,5	2	2	2	2	2
7	Кадрлар жөніндегі инспектор	0,5	1	1	1	1	2	2
8	Шаруашылық меңгерушісі	0,5	1	1	1	1	1	1
9	Қойма меңгерушісі	1	1	1	1	1	1	1
10	Секретарь-референт	1	1	1	1	1	1	1
11	Оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары	0,5	1	1	1	1	1	1
12	Кітапханашы (кітапхана, лекотека болғанда)	1	1	1	1	1	1	1
13	Автомобиль жүргізушісі	1 көлік құралына - 1						
14	Киім және ішкіімді жуу жөніндегі машинист	1	1,5	2	2,5	3	5	7
15	Киім мен ішкіімді жөндеу жөніндегі тігінші	0,5	1	1	1	2	2	2
16	Аула сыпырушы (Әкім бекітетін тазаланатын алаңның нормалары бойынша)	1	1	1	1	1	1	1
17	Бақшашы (тазаланатын алаң 0,75 га кем емес)	1	1	1	1	1	1	1

18	Ғимаратқа ағымдағы жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы (ағаш шебері)	1	1	1	1	2	2	2
19	Электр-газбен дәнекерлеушілер	1	1	1	1	1	1	1
20	Вахтер	Мекемеге 1 бірлік						
21	Қазақ тілінің аудармашысы	Ұйымға 1 лауазым						
22	Лифтер (лифт болғанда)	Әрбір жолаушы лифтіне – 2 бірлік, әрбір жүк лифтіне - 1						
23	Слесарь-сантехник	0,5	0,5	1	1	1	1,5	2
24	Қосалқы жұмысшы	0,5	0,5	1	1	1	1,5	
25	Электр монтері	0,5	0,5	1	1	1	1,5	2
26	Жылу желілерін жөндеу жөніндегі слесарь	-	-	-	0,5	0,5	1	1
27	Дезинфектор	0,5	0,5	1	1	1,5	2	2
28	Тракторшы (трактор болғанда)	1 көлік құралына 1 тракторшы						
29	От жағушылар, көмекші жұмыскерлер (күл шығарушылар) және қазандықтың басқа да жұмыскерлері	Жұмысшылардың саны мазут немесе газбен жұмыс істейтін әрбір стационарлық қазандыққа 2 адам, көмірмен жұмыс істейтін әрбір стационарлық қазандыққа 3 адам, 1 электрлік қазандыққа - 0,5 есебінен белгіленеді						
30	Заңгер	Мекемеге 1 бірлік						
31	Қауіпсіздік қызметі	Мекемеге 4,5 бірлік						
Ас үй мен асхананың штаттық нормативтері								
		50-ге дейін	5 0 100	1 0 1 - 150	1 5 1 - 200	2 0 1 250	2 5 1 - 300	3 0 1 - 400
32	Бас аспазшы				1	1	1	1
33	Аспазшы	1	2	3	4	4	5	7
34	Ыдыс жуушы	1	1	1	1	1	1,5	2
35	Жеміс-көкөніс және картоп тазалаушы	1	1	2	2	3	3,5	4
36	Нан кесуші, ас үй жұмысшысы	-	0,5	1	1	1	1	2
37	Буфетші санитар	50 төсек орынға 1 лауазым						
38	Азық-түлік қоймасының меңгерушісі	1	1	1	1	1	1	1
Медициналық персоналдың штаттық нормативтері								
39	Педиатр дәрігер	1	1	1,5	2	2	2	3
40	Невропатолог дәрігер	1	1	1,5	1,5	1,5	1,5	2
41	Психиатр дәрігер (психотерапевт)	1	1	1,5	2	2	2	2
42	Диетолог дәрігер (мейірбике)	0,5	1	1	1	1	1	1

43	Физиотерапевт дәрігер (физиокабинет болғанда)	1	1	1	1	1	1
44	Стоматолог дәрігер (стоматология кабинеті болғанда)	1	1	1	1	1	1
45	Зертханашы дәрігер (зертхана болғанда)	1	1	1	1	1	1
46	Функционалды диагностика кабинетінің дәрігері (кабинет болғанда)	1	1	1	1	1	1
47	Аға мейірбике	1	1	1	1	1	1
48	Зертханашы (зертхана болған жағдайда)	1	1	1	1	1	1
49	Стоматологиялық кабинеттің мейірбикесі	1	1	1	1	1	1
50	Функционалдық диагностика кабинетінің мейірбикесі	1	1	1	1	1	1
51	Физиокабинетінің мейірбикесі (10 мың шартты бірлікке)	1	1	1	1	1	1
52	Мейірбике	1 тәулік бойғы постқа – 5,25; 2 тәулік бойғы постқа – 10,5; 3 тәулік бойғы постқа – 15,75; 4 тәулік бойғы постқа – 21,0 (бір тәулік бойғы пост орналасатын алаңның болуын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерді ескере отырып, кемінде 50 төсек орынға қалыптастырылады)					
53	Массаж жасау жөніндегі мейірбике	1	1	1	2	2	4
54	Шаруашылық бикесі	Әрбір 100 төсек орынға 1 бірлік, бір мекемеге кемінде 1 лауазым					
55	Палата санитары	4 топқа 1 бірлік					
56	Күту жөніндегі санитар	Жататын науқастар үшін 6 төсек орынға 1 бірлік					
57	Тазалаушы санитар	Тазаланатын алаңның 250 шаршы метріне 1 бірлік					
58	Бұлаушы санитар	1	2	3	4	5	6
59	Дәріхана меңгерушісі (дәріхана болғанда)	-	0,5	0,5	1	1	1
60	Фармацевт	-	0,5	1	1	1	1
61	Дәрігер	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1
62	ЛФК инспекторы	тірек-қозғалыс аппараты функциялары немесе ауыр интеллектуалды бұзылулары бар 6 балаға 1 лауазым; орташа білінетін интеллектуалды бұзылуы бар 8 балаға 1 лауазым.					
Оқу-көмекші персоналдың штаттық нормативтері							
63	Психолог	1	1	1,5	2	2	3
64	Логопед	1	1	1,5	2	2	4
65	Әдіскер	стационарға 1 бірлік және күндізгі бөлімшеге 1 бірлік					

66	Дефектолог мұғалім (арнайы педагог)	топқа 1 лауазым
67	Тәрбиеші	топқа 1,5 лауазым
68	Музыкалық жетекші	4 топқа 1 лауазым
69	Дефектолог мұғалім	тірек-қозғалыс аппараты функциялары немесе ауыр интеллектуалды бұзылулары бар 6 балаға 1 лауазым; орташа білінетін интеллектуалды бұзылуы бар 8 балаға 1 лауазым.
70	Дене шынықтыру мұғалімі	4 топқа 1 лауазым
71	Еңбек жөніндегі инструктор	12 баладан тұратын топқа 2 маман
Арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі персоналдың штаттық нормативтері		
72	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	50 балаға 1 лауазым
73	Шаштараз (жабдықталған шаштараз болғанда)	100 және одан көп балаға 1 лауазым есебімен

Ескертпе: Әкімшілік-шаруашылық персоналы мен ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі персоналды ұстап отыру шығыстары 1 бірлік бағасының есебіне кіргізілмеген.

43-46-тармақтарда - балаларға жоғары білікті консультациялар өткізу үшін басқа медициналық мекемелерден мамандар шақыруға рұқсат беріледі.

61-тармақта - бұл лауазымға қажеттігіне қарай кез келген дәрігерді не басқа консультант дәрігерлерді алуға болады.

МӘҰ-да 400 адамнан артық бала болған жағдайда, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналды ұлғайтуды талап ететін өндірістік жағдайда, штаттық кесте қажеттіліктерге сәйкес бекітіледі.

Қажет болғанда бекітілген лауазымдарды еңбекақы қорының шегінде өзара ауыстыруға болады.

Нақты мамандардың лауазымдары жабдықталған кабинеттер болған кезде, кемінде 2 маман бір кабинетке қалыптастырылады.

4. Психоневрологиялық ауруы бар 18 жастан асқан адамдарға арналған стационарлық үлгідегі ұйымдардағы ең төменгі штаттық персонал нормативтері

№	Лауазым атауы	Қызметтерді алушылардың саны						
		50-ге дейін	50 - 100	101 - 150	151 - 200	201 - 250	251 - 300	301 - 400
1	Директор	1	1	1	1	1	1	1
2	Әкімшілік-шаруашылық жұмыс жөніндегі директорын орынбасары	1	1	1	1	1	1	1

3	Медициналық бөлімшенің меңгерушісі	1	1	1	1	1	1	1
4	Кадрлар бойынша инспектор	0,5	1	1	1	1	2	2
5	Бас бухгалтер	1	1	1	1	1	1	1
6	Бухгалтер-экономист	-	0,5	1	1	1	1	1
7	Бухгалтер	1,5	1,5	2	2	2	2	2
8	Бухгалтер-кассир	0,5	1	1	1	1	1	1
9	Шаруашылық меңгерушісі	0,5	1	1	1	1	1	1
10	Қойма меңгерушісі	1	1	1	1	1	1	1
11	Қауіпсіздік қызметі	мекемеге 4,5 бірлік						
12	Вахтер	мекемеге 1 бірлік						
13	Секретарь-референт	1	1	1	1	1	2	2
14	Жұмысшыларды даярлау жөніндегі инструктор	әрбір 20 жұмыс істейтін 18 жастан асқан адамдарға 1 бірлік белгіленеді						
15	Қазақ тілі аудармашысы	мекемеге 1 бірлік						
16	Зангер	мекемеге 1 бірлік						
17	Кітапханашы	мекемеге 1 бірлік						
18	Мәдени іс-шараларды ұйымдастырушы	1	1	1	1	2	2	2
19	Шаштараз (кабинет болғанда)	0,5	1	1	1	2	2	2
20	Жүргізуші	1 көлік құралына - 1						
21	Қоймашы	1	1	1	1	1	1	1
22	Қазылған орлардан қатты шөгінділерден болған кірлерді шығару жөніндегі жүкші	1 бірлік кәріз болмаған жағдайда және қазылған орларды тазарту орталықтанған тәртіпте жүргізілмейтін болса						
23	Слесарь-сантехник	0,5	0,5	1	1	2	2	2
24	Жылу желілерін жөндеу жөніндегі слесарь	0,5	0,5	1	1	2	2	2
25	Машинист (кочегар), оператор, қосалқы жұмысшылар (күл алушылар) және қазандықтың басқа да жұмысшылары	Жұмысшылардың саны мазут немесе газбен жұмыс істейтін әрбір стационарлық қазандыққа 2 адам, көмірмен жұмыс істейтін әрбір стационарлық қазандыққа 3 адам, 1 электрлік қазандыққа - 0,5 есебінен белгіленеді						
26	Су соратын станцияның машинисі (моторист)	1	1	1	1	1	1	1
27	Электр монтері	0,5	0,5	1	1	1	1,5	2
28	Кір жуатын орынның меңгерушісі	-	-	-	-	-	1	1
29	Киім және іш киімді жуу жөніндегі машинист	1	1,5	2	2,5	3	5	7

56	Палаталық санитар	15 төсек орынға - 1 бірлік						
57	Күтім жөніндегі санитар	жататын 6 төсек орынға 1 бірлік						
58	Тазалаушы санитар	тазаланатын алаңның 250 шаршы метріне 1 бірлік						
59	Бұлаушы санитар	1	2	3	4	5	6	7
60	Шаруа бикесі	әрбір 100 төсек орынға 1 бірлік, бірақ бір мекемеге кемінде 1 лауазым						
61	Кезекші санитар	(бір тәулік бойғы пост орналасатын алаңның болуын, қажеттілігі мен мүмкіндіктерді ескере отырып, кемінде 50 төсек орынға қалыптастырылады) әр тәулік бойғы постқа – 5,25						
62	Психиатр дәрігер	1	1	1,5	1,5	1,5	1,5	2
63	Психотерапевт дәрігер	1	1	1,5	1,5	1,5	1,5	2
64	ЛФК инструкторы (кабинет болған жағдайда)	1	1	1,5	2	2	2	2
65	Дефектолог мұғалім (сынып болған жағдайда)	18-ден 23 жасқа дейінгі қамқордағыға 1 бірлік						
66	Психолог	1	1	1,5	2	2	2	3
67	Музыкалық жетекші (кабинет болған жағдайда)	1	1	1,5	2	2	2	2
68	Еңбек жөніндегі инструктор	1 бейінге - 1						
69	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман	0,5	1	1,5	1,5	2	2,5	3
70	Күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер	Паллиативтік көмек палаталарын (бөлімшелерін) құрғанда 6 ауыр науқасқа дейін – 1 бірлік						

Е с к е р т п е :

МӘҰ-да 400 артық қамқорлықтағы адам болған жағдайда, сондай-ақ қызмет көрсетуші персоналды ұлғайтуды талап ететін өндірістік жағдайда, штаттық кесте қажеттіліктерге сәйкес бекітіледі.

Қажет болғанда бекітілген лауазымдарды еңбекақы қорының шегінде өзара ауыстыруға болады.

46-тармақтағы - бұл лауазымға психоневрологиялық аурулары бар адамдардың ауруларының сипатын ескере отырып, қажеттігіне қарай кез келген дәрігер, басқа консультант дәрігерлерді алуға болады.

Нақты мамандардың лауазымдары жабдықталған кабинеттер болған кезде, кемінде 2 маман бір кабинетке қалыптастырылады.

Жабдықталған медициналық кабинеттер болған жағдайда минималды штаттық нормативтерге енгізілмеген тиісті мамандар қабылданады.